

## **АҚЖАЙЫҚ ЕТТІ-ЖҮНДІ ҚОЙЫНЫҢ СҮТ ӨНІМДІЛІГІ**

**Б. Б. Траисов**, а.-ш. ғылымдарының докторы, профессор

**А.К.Бозымова**, а.-ш. ғылымдарының кандидаты

**Г. Г. Галимова, А. Н. Исмагулов**, магистранттар

Жәңгір хан атындағы Батыс-Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

*Мақалада ақжайық етті-жүнді қойының сүт өнімділігі зерттелініп жазылған. Қойдың өсуі мен сапалық дамуы қозылардың ему кезеңінде анасынан жеткілікті мөлшерде сүт алуға байланысты. Лактация айлары бойынша жүні 56 сападағы саулықтардың орташа сүт өнімділігі 18,50 кг болса, жүні 58 сападағы саулықтардың сүт өнімділігі 12,30 кг, ал орташа күндік сауын сәйкесінше 0,987; 0,936 кг құрайды. Барлық топтағы саулықтардың өнімділігінің орташа көрсеткіші және бірдей химиялық құрамымен сипатталады. Сүттің құрамында ауыр металдар жіберілген мөлшерге сәйкес.*

*В статье исследуется молочная продуктивность акжайкских мясо-шерстных овец. Рост и качественное развитие ягнят непосредственно связано с молочностью маток в подсосный период. У овцематок 56-го качества шерсти за месяц лактации, средняя молочная продуктивность составила 18,50 кг, у овцематок с 58 качеством шерсти – 12,30 кг, а среднесуточный удой составил, соответственно 0,987 и 0,936 кг. В ходе опытов определена продуктивность овцематок всех групп, а так же химический состав молока. В составе молока тяжелые металлы соответствуют предельно допустимым нормам.*

*The article presents the study materials of milk production of females of akzhaikskoy meat-wool breed of sheep on the lactation period, as well as the chemical composition of milk and methods for the determination of milk sheep. In this article, the average productivity of sheep in different groups and gives the same performance.*

Қой басы санының тұрақтығы және оның сапалық дамуы немесе жетілуі көп жағдайда ему кезеңінде бағытталып өсірілген жақсартушы тұсақтарға байланысты. Саулықтардың сүттілігін анықтау және оның технологиясын қозылардың алғашқы 6-8 апталығында пайдалана білу, яғни осы кезеңде анасының сүті жас тоқтының тез өсіп-дамуы үшін негізгі азық болып табылады. Сүтпен бірге жас қозы өзінің өсуі мен дамуы үшін барлық қажетті азықтық заттарды алады. Қойларды өсіріп-бағу жағдайы бірдей болған кезде де, сүтті саулықтардан мықтылығы жоғары, тез өскіш жас қозы алынады. Сонымен қатар, саулықтардың сүт өнімділік деңгейі қой шаруашылығындағы селекция жасауға қажетті негізгі белгілердің бірі болып табылады.

Қой сүті-күнды азықтық тағам. Оның құрамында адам ағзасына қажетті тез сіңіш формадағы қоректік заттар бар. Ол жаңа туған сүтқоректілердің азықтықтанудағы алғашқы айында негізгі орын алады. Жануарлардың түріне байланысты сүтінің химиялық және басқа да құрамы бойынша әр түрлі болады.

Әр түрлі жануарлардың лактация бойынша сүтінің құрамы, орташа өнімділігі және қоректілігі әр түрлі болады. Сиырлардың сүтінің құрамында белок мөлшері – 3,0; май құрамы – 3,6; сүт қанты – 4,7; минералды тұздар – 0,60; 1 кг сүттің қоректілігі – 2640 кДЖ; лактация бойынша орташа өнімділігі – 3000 кг, ешкілерде сәйкесінше – 3,6; 4,1; 4,6; 0,85; 3000; 250, ал қойларда сәйкесінше – 5,8; 6,7; 4,6; 0,82; 4390; 150, биелерде – 2,0; 1,0; 4,7; 0,30, 1880; 2000 кг болады.

Сүттің түріне байланысты бәріне ортақ май құрамы бойынша өзгешеліктері байқалады. Биенің сүтінің құрамында орташа майлылық 1 %, қойларда – 6,7 %, сиырларда – 3,6 %, ешкілерде – 4,1 % пайызды құрайды.

Қой сүтінің құрамы оған әсер ететін әр түрлі факторларға байланысты. Олар: қой тұқымы, жасы, лактация кезеңі, жыл мерзімі, азықтандыру жағдайы, бағып-күту және қойлардың денсаулығына байланысты.

Қазіргі таңда қой сүтінің өнімділігін әр түрлі әдіспен анықтайды.

1. Қой сүтінің өнімділігін қозысының 20 күндік салмағы бойынша анықтайды. Себебі, қозының салмақ жинап өсуі, қойдың сүт беруіне байланысты.

2. Қой сүтін емшегінің бір жағынан алынған сауын бойынша анықтайды, екінші жағын қозысы емеді.

3. Лактация бойынша бақылау сауыны, яғни 10, 15, 20 күндер аралығында және алынған көлемді лактацияның өткен күндеріне көбейтеміз, яғни бұдан лактация кезеңі бойынша алынған сауынды есептейміз.

4. Лактацияның алғашқы 2 айында қозыларды ему алдында және емуден кейін өлшеу арқылы анықтау.

5. Бақылау коэффициенті бойынша барлық лактация кезеңіндегі қой сүтінің өнімділігін анықтауға болады.

6. Қойларды енесінен айырғаннан кейін сауу- қойлардың сүт өнімділігін есептеудің жалғыз ғана әдісі [1].

Саулықтардың сүттілігі әдетте 4-5 қоздағанда көтеріледі, содан соң біртіндеп төмендей береді. Саулықтардың сүттілігін анықтауда қателік жібермеу үшін қойдың жасын және олардың буаз, сауылу кезеңіндегі азықтандыру дәрежесін, нешінші рет төлдеп отырғанын ескеру қажет. Саулықтардың сүттілігі жоғары фенотип немесе генотиптік өзгергіштігімен сипатталады.

Қазақстандағы етті-жүнді қой шаруашылығында қойлардың сүт өнімділігі толық зерттелінбеген және сүттілігі бойынша селекция жүргізілмейді, ірімшік жасау үшін сүт өндірілмейді. Осыған байланысты саулықтың сүт өнімділігін зерттеу актуальды болып табылады.

«Ізденіс» ЖШС – жағдайында біз жартылай биязы жүнді саулықтардың сүттілігінің кейбір көрсеткіштерін зерттедік. Сүт өнімділігі 120 күн лактация кезінде 1 қозылары бар салыстырмалы қой топтарында бірдей әдіспен жүргізіледі.

**1-Кесте – Ақжайық етті-жүнді саулықтарының сүт өнімділігі**

Лактация айлары	Саулықтар, жүн сапасы	
	56	58
I	48,81 ± 1,63	39,76 ± 1,52
II	37,60 ± 1,59	36,27 ± 1,75
III	22,59 ± 1,61	21,65 ± 1,49
IV	15,82 ± 0,70	14,28 ± 1,10
Лактация бойынша	18,50 ± 1,85	12,30 ± 1,78
Орташа күндік сауын	0,987	0,936

Берілген кестенің (кесте-1) сараптамасы, яғни 56 сападағы жүні бар саулықтардың орташа сүттілігі лактация бойынша 58 сападағы саулықтарға қарағанда 5,5 %-ға жоғары. Ему кезінде қозылардың жалпы өсуі 22,6-24,8 кг-ды құрды. Ең жоғарғы сүттілік лактацияның бірінші айында байқалады, соңынан азая бастайды. Жалпы саулықтардың сүттілік көрсеткіштері жоғары.

Химиялық құрамы бойынша салыстырмалы топтардың арасында көп айырмашылықтар байқалмайды (кесте 2).

Зерттелінген саулықтардың сүтінің химиялық құрамы, жоғарғы майлылық уызда болатынын көрсетеді. Сүттегі майлылықтың аз ғана төмендігі 58-ші сападағы қойларда байқалады, ал жақсырақ көрсеткіш 56-шы сападағы саулықтарда байқалады.

Сүттегі құрғақ заттың төмен болуы, рационда шырынды және концентрлі азықтың жоқ екендігін білдіреді. Сүттегі белок негізінен казеин, альбумин және глобулиннен тұрады, сүттің бұл белоктік фракциялары лактация кезеңінде казеиннің және альбулин мен глобулиннің өсуімен өзгеріп отырады.

Тәжірибедегі топ саулықтары сүтінің химиялық құрамымен қатар биохимиялық құрамы да зерттелінді.

Ауыл шаруашылық өнімдері мен азықтық өнімдерді сертификаттауға байланысты ауыр металлды анықтайтын нақты және сенімді әдістер дайындау мәселесінде қиындықтар туды.

Зерттеулер қатарында азықтық тағамдардың құрылымында ауыр металлдардың артықшылығы адам ағзасына зиянды әсерін тигізеді.

**2-Кесте – Сүттің химиялық құрамы**

Лактация кезендері, күндер	Сүттің құрамында, %	Саулықтар, жүн сапасы	
		56	58
Уыз	кұрғақ зат май	38,2	36,5
		16,0	14,2
3-ші	кұрғақ зат май	22,3	17,6
		10,4	6,9
30-шы	кұрғақ зат май	20,4	20,0
		8,8	7,8
60-шы	кұрғақ зат май	17,6	16,8
		5,8	5,4
90-шы	кұрғақ зат май	20,1	17,3
		10,2	11,2
120-шы	кұрғақ зат май	24,6	22,7
		9,2	8,6
Орташа лактация бойынша	кұрғақ зат май	18,2	17,9
		6,3	6,1

Тәжірибедегі саулықтардың жүнінің құрамындағы ауыр металдар Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-нің биохимиялық лабораториясында зерттелінді. Топтар бойынша стронцийдің саны 0,78-1,0 мг/л аралығында, кадмий – 0,08-0,11 мг/л концентрациясында анықталды, свинец 0,05-0,18; медь – 0,07-0,13 және цинк – 1,59-2,74 мг/л болды.

Тәжірибедегі, яғни барлық топтағы саулықтардың өнімділігінің орташа көрсеткіші және бірдей химиялық құрамымен сипатталады. Сүттің құрамындағы ауыр металдар жіберілетін мөлшерге сәйкес.

**ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Мирзабеков, С. Ш. Овцеводство / С. Ш. Мирзабеков, А. И. Ерохин. – Алматы : Издатмаркет. – 2005. – 271-272 бет.

2. Терентьев, В. В. Мясо-шерстные овцы / В. В. Терентьев. – Алма-Ата. – 1984, – 142 бет.